



1. Осы Ереже ішкі істер органдарының тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлеріне және олармен бірге тұратын отбасы мүшелеріне, сондай-ақ әділет органдарының қылмыстық-атқару жүйесі зейнеткерлеріне (бұдан әрі - Контингент) медициналық қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

2. Контингентке медициналық қызмет көрсету ішкі істер органдарының тиісті мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінде (бұдан әрі - Мекемелер) Қазақстан Республикасының Үкіметі ішкі істер органдарының қызметкерлері және олармен бірге тұратын отбасы мүшелері, сондай-ақ ішкі істер органдарының зейнеткерлері үшін белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Контингенттің Мекемелерде тегін медициналық қызмет алуға құқығы бар.

4. Контингентті медициналық көмек алуы үшін Мекемелерге бекіту әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің тиісті құрылымының тізімі негізінде жүргізіледі. Әрбір бекітілген адамға медициналық амбулаторлық карта ашылады, ол амбулаторлық-емханалық мекеменің тіркеу орнында сақталады.

5. Контингентті амбулаторлық-емханалық деңгейде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.